

"Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 6 қазандағы N 291-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге енгізісін.

3. Тізбеге сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, тиісті бірлескен нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін х а б а р д а р е т с і н .

Ескерту. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008.04.15 N 89-ө Өкімімен.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы » 6 қ а з а н д а ғ ы
N 2 9 1 - ө ө к і м і м е н
бекітілген

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008.04.15 N 89-ө Өкімімен.

"Химиялық өнімнің қауіпсіздігі туралы"

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Акт нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Химиялық өнімді тіркеу және есепке	Қазақстан Республикасы	И С М (жинақтау),	2 0 0 7 ж ы л ғ ы

	алу ережесін бекіту туралы	Үкіметінің қаулысы	ІІМ, ДСМ, Т Ж М , Қоршағанорт-тамині, АШМ, ЭМРМ, Еңбек-мині, ККМ	желтоқ-сан
2.	Химиялық өнімдердің жекелеген түрлерін тіркеу және есепке алу ережесін бекіту туралы	Бірлескен бұйрық	ИСМ, ІІМ, ДСМ, ТЖМ, Қоршағанорта-мині, АШМ, ЭМРМ, Еңбек-мині, ККМ	2 0 0 8 жылғы сәуір
3.	Химиялық өнімді өндіру және қолдану кезінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету жөніндегі нормаларды бекіту туралы	Бірлескен бұйрық	ИСМ, ІІМ, ДСМ, ТЖМ, Қоршағанорта-мині, АШМ, ЭМРМ, Еңбек-мині, ККМ	2 0 0 8 жылғы сәуір
4.	Химиялық өнімді алдын ала таңбалау кезінде көрсетілетін қауіптің стандартты нышандары-ның тізбесін бекіту туралы	Бұйрық	ИСМ	2 0 0 7 жылғы желтоқ-сан
5.	Көліктің алуан түрінде химиялық өнімді тасымалдауға арналған орамаларды қолдануға қойылатын талаптарды бекіту туралы	Бірлескен бұйрық	ИСМ, ІІМ, ДСМ, ТЖМ, Қоршағанорта-мині, АШМ, ЭМРМ, Еңбек-мині, ККМ	2 0 0 8 жылғы сәуір

Е с к е р т п е :

- ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда
м и н и с т р л і г і ;
- ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі;
- ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
м и н и с т р л і г і ;
- ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар
м и н и с т р л і г і ;
- Қоршағанорттамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау
м и н и с т р л і г і ;
- АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
м и н и с т р л і г і ;
- ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және
минералдық ресурстар министрлігі;

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі;
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация
министрлігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК